

«Тексерілді»
«№23 «Толатай» бөбекжайы»
жедел басқару құрылымындағы
МККК әдіскері
К.Е. Берниязова

«Сағындым, әже, сағындым!»



Дайындаған: Тагжанова Г.У.

2025 жыл

Тақырыбы: Сағындым, әже, сағындым.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: мақсаты

Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру, әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп, сыр-сипатын ажыратуды үйрету, жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру, музыка әуенімен музыкалық-ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастау дағдысын жетілдіруді пысықтау.

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ.

Балалар залға В.Тюлькановтың "Марш" шығармасымен кіреді.

– Балалар, әннің әуенімен денемізді тік, кеудемізді алға сәл шығынды, басымызды көтеріңкі көңіл-күйде ұстаймыз. Жарайсыңдар.

– Балалар, әуеннің сазымен ырғақты жүреміз, денемізді біртіндеп қыздыру үшін әуенге сай жүгіреміз. Тамаша. Енді шеңбер бойымен ақырындап тоқтаймыз.

Музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгін бізге қонаққа Дана келді. -

– Данаға әжесі музыкалық қорапты сыйлапты, сендерге көрсеткісі келеді екен.

1.2. Музыкалық - ырғақты қимылдар.

Музыка жетекшісі ұйымдастырылған іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру мақсатында Г. Абдрахманованың «Сәлемдесу жаттығуы» шығармасы әуенімен балаларды шеңберге тұрғызады:

– Балалар, шеңберлі кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз - деп, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар (ерікті қимылдарға шеңбермен жүріп келе жатып, қол білезіктерін айналдыру, бір рет айналу, тізені көтеріп жүру, қолдарын жандарына жіберіп, сермеу) бойынша балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды.

Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

– Жарайсыңдар, балалар, енді орындарымызға жайғасайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ. 2.1. Ән тыңдау.

Музыка жетекшісі:

– Дана сендерге бос қолмен келген жоқпын. Мен өзіммен бірге ерекше музыкалық қорапты алып келдім. Ол бізге не туралы сөйлесетінін көрейік.

– Суреттегі балалар не істеп жатыр? Шамасы, музыкалық қорап сендердің әуенді тыңдағылары келетінін қалайды. Біз көзімізді жұмып, тыңдайық. Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

– Балалар, ән қалай аталады? Сағындым, әже, сағындым.

– Балалар, әннің сөзі мен әуенін жазған Б.Бейсенова, қайталайық. Жарайсыңдар.

– Балалар, менімен бірге шапалақтап, әнді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Біздің әжелеріміз бар, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылып тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтар қояды:

– Балалар, ән жазған сазгер кім? Балалар үндемей қалады. Педагог балалардың есіне салып, сазгердің аты-жөнін қайталайды.

– Әннің сөзін жазған ақын кім? Балалар естеріне түсіре бастайды. Педагог тағы да балаларға көмек береді.

– Балалар, біз тыңдаған ән қалай аталады? Сағындым, әже, сағындым. Жарайсыңдар.

2.2. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту.

Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әннің атауы мен композитор көрсетілген).

Ойын барысы: Коратта 5-6 карточкалар орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Өндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

2.3. Дауыс жаттығулары.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.
- Балалар, орманда бір қоян келе жатып сөбізін жоғалтып алды. Ол сөбізін табу үшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Қәне, қоян қалай сөбізін тауып алды?
- Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар.
- Енді, балалар, менімен бірге әннің сөзін бірге айтамыз.
- Ток-ток, тоқылдақ, болаймышы?!
- Жерден тары шоқып ап, - Аралар,
- Тоқылдайды тоқылдақ, - Арамыз, біз арамыз,
- Ток-ток-ток. - Өнге салып барамыз.
- Ахау, егінгай, - Жу-жу-жу-жу-жу-жу.
- Ән сал бозторғай, - Қызыл, жасыл гүлдерден,
- Біз әннің үйреніп, - Балды сорып аламыз.
- Күнде ән сап жүрейік. Тамаша. - Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Жарайсыңдар.
- Балалар, енді бәріміз, ара

2.4. Ән салу.

Музыка жетекшісі:

Педагог тақтадағы нотаны көрсеткішпен көрсетеді.

- Балалар, нота дегеніміз не?
- Иә, дұрыс айтасыңдар.
- Нота дегеніміз - музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жазып, оны айтамыз.
- Біз сөзді оқығанда әріптерді бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз.
- Балалар, орнымыздан тұрайық, менімен бірге қайталаймыз.
- Үйренсек нотаны,
- Ән де саламыз.
- Барлығын оп-оңай,
- Жаттап аламыз.
- Енді, балалар, менімен ноталар аталуын қайталаймыз.
- До, ре, ми, фа, соль, ля, си.
- Музыкада 7 нота болады.
- Балалар, тағы да тақтаға қарайық.
- Ол ноталар бес сызықтың бойына жазылады. Ноталар іші боялған, таяғы мен жалаушасы бар домалақ түрінде болады.
- Балалар, нота туралы да ән бар, сол әнді айтып, үйренейік.

Өмірбек Байділданың әні «До-ре-ми».

Әнді хор мінбесіне барып ұнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Өнге дирижерлік қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

- Балалар, тамаша, әнді жақсы айтып жатырсыңдар! Жарайсыңдар!

Музыка жетекшісі балаларға ән үйретуді жалғастыра отырып, «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

- Балалар, тамаша әнімізге қосылуда «әнші бұлбұлдар» да келіп. Балаларға бұлбұлдармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуда шақырады. Музыка жетекшісі айтылып жатқан әннің үнін шұмағын үнін командаға айтқыздып, аз, қайырмасын барлық топ қосылып орындауда үйретеді.

2.5. "Музыкалық қорап" музыкалық-дидактикалық ойын.

Мақсаты: балалар шығармашылығын дамыту. Ойын материалы: түрлі-түсті безендірілген қорап, таныс әндердің мазмұнын суреттейтін суреттері бар карталар (бақылау картасының артқы жағында әннің атауы мен композитор көрсетілген). Ойын барысы: Қорапта 5-6 карта орналастырылған. Балалар кезек-кезек карточкаларды алып, музыкалық шығарма мен композиторды атай отырып, оларды жүргізушіге береді. Әндер барлық балалар тобымен немесе жеке-жеке музыкалық сүйемелдеусіз орындалады. Болашақта ойын концерт ретінде өткізіледі.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі ұйымдастырылған іс-әрекеттің аяғында:

- Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттіміз ұнады ма сендерге?
- Б. Бейсенованың «Сағындым, әже, сағындым» әнін.
- Әжелердің болғаны сондай жақсы, солай ма, балалар?
- Қандай нота түрлерімен таныстық?
- Нота дегеніміз не?
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік? Ө. Байділданың «До-ре-ми» әнін.
- Бәрекелді, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе!

